Медицина ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық медицина унивеpтитетінің оториноларингология кафедрасының профессоры А.С.Күлімбетовтің «Балалардағы құлақ аурулары» атты оқулығына

## ПІКІР

Қазақстанда балалар денсаулығын сақтау ісі қашанда басты назарда тұратын маңызды істің бірі болып саналады, сондықтан жауапкершілігі мол, білікті маман дайындауды жоғары оқу орындарынан талап етеді, әсіресе балаларды емдейтін кәсіби маман иелерін, сондықтан ұсынылып отырған «Балалардағы құлақ аурулары» атты оқулығының өз орны бар деп ойлаймын. Автор оқулықты Мемлекеттік тілде жазған, мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сай типтік оқу бағдарламасына негізделіп берген. Көп деңгейлі кәсіби білім беру құрылымын ескеріп, жоғары медициналық оқу орындарының студенттері мен дипломнан кейінгі білім алушы дәрігерлері мен жалпы профилді, әсіресе бала дәрігерлеріне арнап жазған. Оториноларингологияның бір саласы болып табылатын - балалар оториноларингологиясы, сондықтан да оқулық осы мамандықты меңгеруге негіз болып саналатын жұтқыншақтың клиникалық анатомиясымен қатар, оның жиі кездесетін ауруларының диагностикасы, емдеу жолдары кең көлемде қамтылған, аурулардың алдын алу және асқынулары туралы мәліметтер берген. Қазіргі кезеңдегі жаңа хирургиялық емдеу әдістері, фармакологиялық дәрі-дәрмектер, заманға сай технологияларды қолдану қарастырылған, сонымен қатар, антибиотикотерапия туралы ұсыныстар берілген.

Оқулық негізінен кіріспеден, 5 ауқымды тараудан, тесттерден және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Оқулықтың әр тарауында мәліметтер ретімен беріліп жазылған. Оқулық бүгінгі таңдағы бірден – бір өзекті мәселеге арналған, сол себептен оны жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, дәрігер -оториноларингологтар мен жалпы тәжірибелік дәрігерлердің қолдануларына ұсынуға болады. Аталған «Балалардағы құлақ аурулары» атты оқулық тиісті құзіреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандар негізінде А.С.Күлімбетовтің «Балалардағы құлақ аурулары» оқулығын баспаға ұсынуға болады деп есептеймін.

Пікір беруші:
ҚРМУ-нің оториноларингология
курсының меңгерушісі, профессор Таукелева С.А.